

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 892 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 мамырдағы N 671 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТТІ:**

1. "1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 892 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Серік Нығметұлы Ахметовке" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайыновқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен мақұлданған 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы теміржол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасында:

1 - б а п т а :

1) тармақшаның алтыншы абзацындағы "қызметтер ұсынуды әрі жолаушылар мен жүктердің тасымалын, оның ішінде жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға, теміржолшыларға және олардың отбасының мүшелеріне қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ететін" деген сөздер "қызметтер көрсетуді, оның ішінде жолаушылар мен жүктердің тасымалын, жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға өзге де қызметтерді қамтамасыз ететін, сондай-ақ теміржолшыларға және олардың отбасы мүшелеріне қызметтер көрсететін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшаның үшінші абзацындағы "және күзет аймақтарын" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшаның жетінші абзацындағы "милиция" деген сөзден кейін "(полиция)" деген сөзбен толықтырылсын;

5) тармақшаның оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір Тарап мемлекетінің осы Тарап теміржол объектілерін күзету үшін тандап алған күзет қызметтері күзет қызметіне лицензия алуға және оны екінші Тарап мемлекеті аумағында осы Тараптың заңнамасына сәйкес, оның ішінде екі Тарап мемлекеттері

азаматтарын жалдау құқығымен жүзеге асыруға құқылы.";

б) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша б) тармақша деп есептелсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ